

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Юрисдикция. 1-бөлім



Юрисдикция дегеніміз – мемлекеттің ішкі, яғни муниципалдық және халықаралық құқық бойынша халыққа, олардың меншігіне, орын алған жағдайларға ықпал ету және осыған байланысты мәселелерді реттеу құзіреті. Ол мемлекеттің егемендігінің, теңдігінің және ішкі істеріне араласпаудың негізгі қағидаттарынан бастау алады.

Юрисдикция – мемлекеттің егемендігінің басты белгісі, яғни мемлекеттің құқықтық қатынастары мен міндеттемелерін жасау, өзгерту, жою құқығын білдіреді. Мемлекет оны мұндай заң шығару, атқарушы, сот биліктері арқылы жүзе асырады.

Әр жағдайда, сол мемлекеттің құқықтық жүйесі бекіткен мемлекеттік органдар өздеріне рұқсат етілген қызметтерді атқару арқылы айналадағы өмірге әрқалай әсер етеді. Мысалы, М. Шоудың жазуынша, Ұлыбританияда парламент заң қабылдайды, сот шешім шығарады, ал үкіметтің әкімшілік органдары заңдардың нормаларын жүзеге асыру юрисдикциясына (яғни, құқықтық билікке) ие. Әсіресе заң шығару, атқарушы, сот биліктері арқылы құқық жасау (заңды бекіту юрисдикциясы, заң шығару) қабілеті мен сол құқықты атқарушы немесе сот билігінің көмегі арқылы жүзеге асыруды қамтамасыз ету (құқық қолдану юрисдикциясы, заңды орындау) қабілетінің арасындағы айырмашылықты түсіне білген жөн. Юрисдикция бірінші кезекте территорияға тікелей байланысты десек те, оның басқа да, айталық, азаматтық сияқты негіздері болуы мүмкін. Ал юрисдикцияны жүзеге асыру тек территориялық факторлармен шектеледі.

Мысалы, егер адам өлтіру қылмысы Ұлыбританияда біреу кісі өлтірсе, бірақ қылмыскер Нидерландыға қашып кетсе, Ұлыбритания соттары сол адамды соттауға құқылы. Алайда Британия қызметкерлерін қылмыскерді ұстап әкелуге Нидерландыға жұмсай алмайды. Бұл жағдайда Британия тек Нидерланды үкіметіне қылмыскерді ұстап, Британияға жіберу туралы өтініш білдіре алады.

Ал егер қылмыскер Британияда ұсталған болса, ол тіпті Германияның азаматы екені анықталғанына қарамастан, оны Британияда соттауға болады. Осылайша юрисдикцияны бекіту (немесе құқық шығару) қабілеті территориямен шектелген, яғни қылмыскердің азаматтығына қарамайды десек те, кейде азаматтығына да байланысты болады. Мәселен, шетелде қылмыс жасаған Британия азаматын (егер қылмыскерді Британияда ұстаса) Британияның өзінде соттай алады, құқықтық юрисдикцияны орындалуы қылмыскер Британияның территориясында болуына (ұсталуына) байланысты.

Дегенмен кейде қылмыскерді мемлекеттің территориясында ұстаса да, оны соттауға құқықтық негіз жеткіліксіз болатын жағдайлар бар. Мысалы, Германияда адам өлтірген Франция азаматы Британияда ұсталса да, оны Британияда соттау мүмкін емес. Алайда Германия мен Франция Ұлыбританияға сол қылмыскерді экстрадициялауға өтініш білдіре алады.

Демек юрисдикция территориямен тығыз байланысты болса да, тек территорияға ғана тәуелді емес. Көп мемлекеттің өз территориясынан тыс жерде қылмыс жасаған азаматты соттауға юрисдикциясы бар, сол сияқты көптеген мемлекеттің өз территориясынан тыс жерде тұратын азаматының, меншігінің немесе жағдайдың сол жердің территориялық юрисдикциясынан иммунитеті бар. Мысалы, дипломаттар өздері қызмет атқарып жүрген мемлекеттің заңдарынан иммунитетке ие, сол сияқты шет мемлекеттің соттарында басқа мемлекеттердің егемендік актілеріне күмәндануға немесе оларды шетелдік соттарда жоюға болмайды.

Юрисдикция мәселесі өте күрделі, бұл тек конституция мәселесі мен коллизиялық нормалардың маңыздылығына келіп тірелмейді. Халықаралық құқық сол мемлекеттің билік функцияларының шегіне қатысты нормаларды бекітуге тырысады, ал жеке халықаралық құқықтағы нормалар коллизиясы кезінде шетелдік элементі бар дауды шешуге тырысады.

Халықаралық құқық бойынша мемлекеттің өз территориясындағы кез келген дауға юрисдикциясы бар екені мойындалуы қарапайым алғашқы кезең ғана. Мемлекеттің өз территориясындағы дауға юрисдикциясы болуы үшін, алдымен, сол бағыттағы ішкі шараларды қабылдауы тиіс.

Бұл орайда конституциялық мәселелер саласында да юрисдикция туралы дау бар екенін ескерген жөн. Мұндай мәселе АҚШ-тың федералдық сот құрылымында жиі ұшырасады, яғни сот органдары құзыреттерінің өзара қайшылығы, коллизиясы жиі болып тұрады.

Мемлекеттің ішіндегі заң шығарушы, атқарушы, сот органдарының қызметі муниципалдық құқық пен саяси жүйеге байланысты десек те, юрисдикцияның мемлекет территориясынан



тыс жерге таралуы халықаралық құқық нормаларына байланысты. Біз осы нормалардың анағұрлым маңызды дегендеріне қысқаша тоқталып өтеміз.

Ішкі юрисдикция қағидаты

Мемлекет егемендік сипатына зер салсақ, мемлекеттің үстем билігі өз елімен, яки өз территориясымен шектеліп, басқа мемлекеттің ішкі ісіне араласпауы тиіс.

Мемлекеттің ішкі ісіне араласпау міндеті мемлекеттің кейбір қызмет түрлерін халықаралық құқық нормаларынан қорғауға сеп болады. Мемлекеттің ішіндегі халықаралық құқықтық бақылау кірісе алмайтын айрықша салаларының қатарына азаматтық беруге қатысты талап-шарттарды бекіту мен шетелдіктердің кіруіне рұқсат ететін жағдайларды анықтауды айтуға болады.

Дегенмен осы кезге дейін мемлекеттің айрықша егемен билігі жүретін салаларда да халықаралық құқықтың ықпалы біртіндеп сезіліп келеді. Мысалы, бүгінде азаматтық беру мәселесіне халықаралық адам құқығы нормаларының тұрғысынан қарайтын болған. Бірақ іс жүзінде бәрі ойдағыдай жүзеге аспай отыр.

Жалпы, ішкі юрисдикция – салыстырмалы тұжырым. Өйткені халықаралық құқық қағидаттарының өзгеруі юрисдикцияны шектеп, оның масштабын қысқартуға әкеліп соқты. Сондықтан ішкі құқықтық реттеу мәселелері халықаралық салдар тудырып, халықаралық құқықтың аясына шығып кетуі әбден мүмкін. Осы мәселеге Халықаралық сот өткен дәрістерімізде мысалға келтірген Anglo-Norwegian Fisheries (ағылшын-норвег балықшаруашылығы) ісінде айрықша назар аударады. Сот былай деді: «Территориялық сулардың) делимитациясын тек жағалаудағы мемлекет қана жасай алатына қарамастан, оны біржақты іс-шара деуге болады. Бірақ делимитацияның басқа мемлекеттер үшін заңды күшке ие болуы халықаралық құқыққа байланысты».

Бұл қағидат Nottebohm ісінде айтылған. Халықаралық сот бұл істе мемлекет азаматтық беру туралы заңды, нормаларды өз қалауынша қабылдай алатынын, бірақ, сол мемлекеттің азаматтарына дипломатиялық иммунитет беру халықаралық құқықпен реттелетін мәселе екенін атап көрсеткен. Сонымен қатар, сот ешбір мемлекет халықаралық құқықты бұзған кезде ішкі заңдарға сілтеме жасап, ақтала алмайды деп көрсетті, яғни тек ішкі юрисдикцияға жататын және халықаралық құқыққа ғана байланысты мәселелердің екеуін де бір-біріне лайықтап икемдеуге болады екен. БҰҰ Жарғысының 2 (7)-бабында былай делінген: «Бұл Жарғының нормалары Біріккен Ұлттар Ұйымына мемлекеттің ішкі юрисдикциясына жататын мәселелерге араласуға немесе мүше-мемлекеттерден ішкі юрисдикциясына жататын мәселелерді осы Жарғыға сай реттеуді талап етуге құқық бермейді».

Мемлекеттердің ішкі юрисдикциясын нақтылау әрі бекіту үшін ойлап табылған бұл пункт алғашқы сәттен бастап ондаған жылдар бойы қайта-қайта талқыланды.

Әрине, бұл Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше-мемлекеттердің ішкі саясатына қатысты қарарларды қабылдауға және талқылауға кедергі болмады, елу жылдан аса тәжірибенің нәтижесінде шектеу әрі қарай жалғасып, ішкі юрисдикциясы ұғымы белгілі бір деңгейде көмескіленді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы күн өткен сайын адам құқығы мәселесіне белсенді араласып келеді. Мысалы, Оңтүстік Африкадағы апартеид саясатын сынап, айыптап, ақырында, жойылып тынды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының әрекет аясының кеңеюі тіпті ішкі юрисдикция тұжырымын да тарылта түсті. Дегенмен бұл тұжырымдама мемлекеттің өз территориясында егемен билігі халықаралық құқықтың даму тарихындағы талқыға салынбайтын қағидат, әрі оның әлемдік саяси және құқықтық жүйенің сөзсіз негізі екенін мойындай отырып, өзінің құқықтық қауқарын сақтайды.



Заң шығару және сот юрисдикциялары

Заң шығару юрисдикциясы мемлекеттің конституциясында аталған, өз территориясында міндетті күші бар құқық нормаларын шығару құзыретіне ие жоғарғы билік органына тиесілі болады.

Кейде мұндай заң актілері шегарадан тыс жерлерге де таралуы мүмкін. Мемлекет заңдары халықаралық, мемлекетаралық дауларды қараған кезде қолданылуы мүмкін.

Мемлекеттің көп салада айрықша заң шығару құқығы бар. Мысалы, мемлекет өз органдарының қызмет тәртібін (процессуалдық амалдарын) белгілей алады, айталық сот органы, бірақ шетелдік соттардың жұмыс тәртібіне ешқашан ықпал ете алмайды. Мысалы, ағылшын соттары шетелдік соттың шешімін атүсті қарады деген себеппен мойындамауға құқылы. Бұл жағдайда ағылшын заңы шетелдік сот әрекет ететін бөтен елдің процессуалдық шарттарын өзгерту ниеті жоқ.

Халықаралық құқық мемлекеттің өзімен тығыз байланыстағы, бірақ өз территориясында емес азаматтарынан немесе домицилийден салық ала алатынын мойындайды.

Мемлекет өз территориясында тұрған шетелдік мүлікті мемлекет меншігіне өткізе алады, бірақ территориясынан тыс жерде тұрған шетелдік меншікті тартып ала алмайды. Себебі, мемлекеттің заңдары ол мүлікке жүрмейді.

Мемлекеттің заң шығарушылық артықшылығын жоққа шығаруға болмайды, бірақ онымен келіспеуге болады. Халықаралық құқық нормаларына, мысалы, шетелдік азаматтарға қарау немесе елде орналасқан шетелдік мүлікке қарау туралы, қарсы заңдар қабылдайтын мемлекет халықаралық құқықты бұзған әрекеті үшін халықаралық аренада жауапты болады. Сонымен қатар, сәйкесінше, шетелдік мемлекеттің қарсылықтары мен өзге де әрекеттеріне тап болатыны сөзсіз. Сондай-ақ, шетелдерде жүрген өз азаматтарына қатысты құқықтарын асыра қолданатын мемлекет те халықаралық құқықты бұзғаны үшін жауапты болады.

Соттық юрисдикция белгілі бір елдің шетелдік элементі бар істерді қарауға деген соттардың құзыреті болып табылады. Мемлекеттің соттары бұндай юрисдикцияны жүзеге асыру үшін бірнеше негіздер бар. Қылмыстық істерде олар территориалды қағидадан әмбебаптылық қағидасына дейін вариацияланады. Ал азаматтық істерде ол жай ғана жауапкердің елде болуынан бастап азаматтық пен тұрғылықты жер қағидасына дейін вариацияланады. Соттық юрисдикция юрисдикцияның ең көп талқыланатын аспектісі болып табылады. Қылмыстық мәселелер бұның айқын көрінісі болып табылады.

Азаматтық юрисдикция

Азаматтық істерде юрисдикцияны әрі кеткенде қылмыстық санкциялар арқылы жүзеге асыру мүмкін болса да, азаматтық және қылмыстық мәселелер бойынша бірқатар айырмашылықтар бар.

Жалпылай алғанда, қылмыстық істерге қарағанда азаматтық істер бойынша юрисдикцияның негіздері әлдеқайда ауқымды екендігін атап өту керек. Сонымен қатар, өзге мемлекеттердің бұған байсалдылықпен жауап береді. Бұның себебі, азаматтық істермен салыстырғанда қылмыстық істер бойынша тұлға жасаған қылмысы үшін сотта жауапқа тартылған кезде, қоғамның пікірін қалыптастыру әлдеқайда оңай.

Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбритания секілді ортақ құқық елдерінде азаматтық істер бойынша юрисдикцияның жалпы негізі болып соттық жарлықты ел ішінде жауапкерге табыстау болып табылады. Бұл ретте, жауапкердің елде болуы уақытша немесе кездейсоқ та болуы мүмкін. Екінші жағынан, континенталды еуропалық елдерде юрисдикцияның жалпы негізі болып жауапкердің белгілі бір мемлекетте тұрақты тұрғылықты жерінің болуы немесе домицилий болады.

Көптеген елдерде, мысалы, Нидерланды, Дания және Швеция елдерінде, соттарға жауапкердің елде активтері болған кезде юрисдикцияны жүзеге асыруға рұқсат берілген. Ал отбасылық істерде юрисдикцияны жүзеге асырудың жалпылай танылған негізі – талапкердің сол елде тұрғылықты жерінің болуы мен сол елде болуы.



Дипломатиялық наразылықтар мен мемлекеттер арасында салыстырмалы түрде талқылаулардың аздығы кейбір авторларды халықаралық құқық азаматтық істер бойынша соттардың юрисдикциясын шектейтіндей ешқандай нормалар белгілемейді деген пікірге әкелді.

Қылмыстық юрисдикция

Халықаралық құқық бірқатар негіздер бойынша мемлекеттерге қылмыстық юрисдикцияны жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Олар заң шығарушы, соттық немесе атқарушы юрисдикция сипатында көрініс табулары мүмкін. Бұл негіздер барлығы немесе белгілі біреуі бойынша қылмыстық юрисдикцияны жүзеге асыру міндеттемесі жоқ. Бұл мәселе мемлекеттердің өз қарауларына қалдырылған. Юрисдикциялық қағидалардың маңыздылығы олардың халықаралық қауымдастық пен халықаралық құқыққа сай келетін ретінде танылуында жатыр және, керісінше, басқа негіздер бойынша қылмыстық юрисдикцияны жүзеге асыру басқа мемлекеттер оны танудан бас тартатынына әкелу мүмкін.

Сұрақтар

1. Юрисдикцияны жүзеге асырудың қандай негіздері бар? Ортақ құқық елдері мен континенталды еуропалық елдердің айырмашылықтарын көрсетіңіз.
2. Юрисдикция мен территорияның арасында қандай өзара байланыс бар?
3. Халықаралық құқықтың дамуы белгілі бір деңгейде мемлекеттің ішкі юрисдикциясына шек қояды деген пікірмен келісесіз бе? Не себепті?

Әдебиеттер

1. L. Reydams, *Universal Jurisdiction: International and Municipal Legal Perspectives*, Oxford, 2002.
2. C. Ryngaert, *Jurisdiction in International Law*, 2nd edn, Oxford, 2015.
3. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. *Международное право. Общая и особенная части: Учебник*. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Тема 11.